

## Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19175847 Цифрлық Қазақстан үдерісінде мемлекеттік тілдің дамуы: социолінгвистикалық зерттеу
Жоба өзектілігі	<ul style="list-style-type: none"><li>- қазіргі заманауи ақпараттық технология жетістіктерінің қазақ тіл білімі қолданбалы саласына кеңінен енгізілуі, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын, қызмет кеңістігін, тілдің мәртебесін көтерудің, сонымен бірге мемлекеттік тілдің киберкеңістікте орнығуының бірден бір алғышарты болмақ;</li><li>- мемлекеттік тіл функциясының жаңа формасы – цифрлық жүйеге енуін, цифрлық жүйедегі қазақ тілінің даулы мәселелері мен қайшылықтардың шешімін табуға жол ашады, қазақ тіл білімінде киберлінгвистиканың дамуына септігін тигізеді;</li><li>- мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюін, мемлекеттік тілдің ұлтты ұйыстырушы функциясын айқындайды;</li></ul>
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты - Цифрлық Қазақстан үдерісінде мемлекеттік тілдің дамуына социолінгвистикалық зерттеу жасау, лингвистикалық құбылыстарды, жаңадан пайда болған тілдік қолданыстарды анықтау, талдау, олардың сөздігінің реестрін әзірлеу.
Жоба міндеттері	<p>Жобаның міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы іске қосылғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі Қазақстандағы тілдік жағдаятқа сипаттама беру;</li><li>- Қазақстанды цифрландыруға байланысты қазақ тілі иелмендерінің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық өмірінде орын алған, жаңадан пайда болған тілдік құбылыс, тілдік бірліктерді, тілдік қолданыстарды анықтау;</li><li>- жаңа пайда болған тілдік құбылыстар, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстарды талдау;</li><li>- Цифрландыру барысында пайда болған жаңа тілдік бірліктердің сөзжасамдық тұлғасына: бір сыңары қазақша, екінші сыңары ағылшын тілінен тікелей енген гибрид сөздерді талдау;</li><li>- жаңадан пайда болған тілдік құбылыстар, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстар қоғамның түрлі әлеуметтік топтарына қатыстылығын, қай әлеуметтік топ жиі қолданады, қай әлеуметтік топ сирек</li></ul>

	<p>қолданады/мүлдем қолданбайды әлде тіл иелмендерінің бәріне ортақтығын анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстанды цифрландыру барысында қандай лингвистикалық құбылыстар: тілдің дамуы, тілдік сана, тілдік сана-сезім, тілдің ауысуы, тілдің жылжуы, тілдің қалыптануы, нормалануы, тілдің өміршеңдігі, тілдің жаңғыру орын алғанын/алмағанын анықтау;</li> <li>- Қазақстандағы тілдік жағдаятқа байланысты цифрлық жүйеде тілдердің тоғысуы: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің өзара әрекеттестігі үдерісі және сол үдеріс нәтижесінде мемлекеттік тілге әсерін зерделеу;</li> <li>- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған шаралар нәтижесі мемлекеттік тілдің дамуына қалай әсер (оң немесе/және теріс) еткенін анықтау;</li> <li>- жаңа тілдік бірліктер мен қолданыстар сөздігінің реестрін әзірлеу.</li> </ul>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы іске қосылғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі Қазақстандағы тілдік жағдаятқа сипаттама беріледі. Egov.kz және бизнес IT платформаларынан жаңадан қолданысқа енген материалдар, тілдік бірліктер жиналады, сұрыпталады, талданады;</li> <li>- Қазақстанды цифрландыруға байланысты қазақ тілі иелмендерінің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық өмірінде орын алған, жаңадан пайда болған тілдік құбылыс, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстар анықталады;</li> <li>- Цифрландыру үдерісінде пайда болған жаңа тілдік құбылыстар, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстарға лингвистикалық сараптама жүргізіледі;</li> <li>- Цифрландыру барысында пайда болған жаңа тілдік бірліктердің сөзжасамдық тұлғасына: бір сынары қазақша екінші сынары ағылшын тілінен тікелей енген гибрид сөздерге жан-жақты лингвистикалық талдау жасалады;</li> <li>- Жаңадан пайда болған тілдік құбылыстар, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстар қоғамның түрлі әлеуметтік топтарына қатыстылығын, қай әлеуметтік топ жиі қолданады, қай әлеуметтік топ сирек қолданады/мүлдем қолданбайды әлде тіл</li> </ul>

	<p>иелмендерінің бәріне ортақтығын, яғни қолданыс аясы анықталып, көрсетіледі;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстанды цифрландыру барысында қандай лингвистикалық құбылыстар: тілдің дамуы, тілдік сана, тілдік сана-сезім, тілдің ауысуы, тілдің жылжуы, тілдің қалыптануы, нормалануы, тілдің өміршеңдігі, тілдің жаңғыру орын алған/алмағаны анықталады;</li> <li>- Қазақстандағы тілдік жағдаятқа байланысты цифрлық жүйеде тілдердің тоғысуы: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің өзара әрекеттестігі үдерісі және сол үдеріс нәтижесінде мемлекеттік тілге әсері зерттеледі;</li> <li>- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылған шаралар нәтижесі мемлекеттік тілдің дамуына қалай әсер (оң немесе/және теріс) еткені әлеуметтік лингвистика тұрғысынан анықталып, талданады;</li> <li>- Жаңа тілдік бірліктер мен қолданыстар сөздігі әзірленеді;</li> </ul>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. Серикбаева А.Д. Researcher ID Web of Science ACM-8931-2022, ORCID ID 0000-0002-2585-4892</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	<p>1. Serikbayeva A. Socio-linguistic features of the state language in the digitization of Kazakhstan. Tiltanym. 2023;(3):184-191. (In Kazakh)  <a href="https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-184-191">https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-184-191</a></p> <p>2. Serikbayeva A. (2023). The process of digitalization and the kazakh language. Polish journal of science, 67, 37–39.  <a href="https://doi.org/10.5281/zenodo.10012689">https://doi.org/10.5281/zenodo.10012689</a></p> <p>3. Серікбаева А. Цифрлық Қазақстан үдерісінің қазақ тіліне әсері. Қарағанды университетінің хабаршысы, Филология сериясы, 2023 (112) 4, 124-129, DOI 10.31489/2023Ph4/124-129</p>
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>